



AMANZHOLOV
UNIVERSITY

БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ



Өскемен қ-сы, 2025

АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

11-23 тамыз 2025 ж.	Студенттерді университетке қабылдау
25 -30 тамыз 2025 ж.	1 курс студенттерінің бейімделу аптасы және 2025-2026 оқу жылына элективтік пәндерге тіркеу
30 тамыз 2025 ж.	Қазақстан Республикасының Конституциясы Күні
Күзгі семестр	
1 қыркүйек 2025 ж.	Білім күні және оқу жылы басталуының салтанатты ашылуы. Күзгі семестрдың басталуы
13-17 қазан 2025 ж.	Межелік бақылау. №1 рейтинг
25 қазан 2025 ж.	Республика күні
8-12 желтоқсан 2025 ж.	Межелік бақылау. №2 рейтинг
16 желтоқсан 2025 ж.	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Күні
15-19 желтоқсан 2025 ж.	Аттестациялық апта
15 желтоқсан 2025 ж.– 2 қаңтар 2026 ж.	Қысқы емтихан сессиясы
1-2 қаңтар 2026 ж.	Жаңа жыл
7 қаңтар 2026 ж.	Рождество
5-16 қаңтар 2026 ж.	Қысқы демалыс
15 апта	Теориялық оқыту
3 апта	Қысқы сессия
2 апта	Қысқы демалыс
Көктемгі семестр	
19 қаңтар 2026 ж.	Көктемгі семестрдің басталуы
2-6 наурыз 2026ж.	Межелік бақылау. №1 рейтинг
8 наурыз 2026 ж.	Халықаралық әйелдер күні
21-23 наурыз 2026 ж.	Наурыз мейрамы
6-17 сәуір 2026 ж.	Оқу пәндерін таныстыру 2026-2027 оқу жылы
27 сәуір-1 мамыр 2026 ж.	Межелік бақылау. №2 рейтинг
1 мамыр 2026 ж.	Қазақстан Халықтарының Бірлігі Күні
4-15 мамыр 2026 ж.	Мұғалім кәсібіне кіріспе
4-15 мамыр 2026 ж.	Оқу пәндеріне тіркелу 2026-2027 оқу жылы
7 мамыр 2026 ж.	Отан Қорғаушылар Күні
9 мамыр 2026 ж.	Жеңіс күні
18-22 мамыр 2026 ж.	Аттестациялық апта
18 мамыр-5 маусым 2026 ж.	Көктемгі емтихандық сессия
8 маусым-17 шілде 2026 ж.	Жазғы семестр
15 апта	Теориялық оқыту
3 апта	Көктемгі сессия
8 апта	Жазғы демалыс

Ескерту: * Жазғы семестр оқу жұмыс жоспарында көрсетілген кестеге сай өтеді
 *Іс-тәжірибе мерзімі мен мемлекеттік диплом жазу ЖОЖ мамандық бойынша



E-UNIVER

АҚПАРАТТЫҚ-БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛЫ

УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕССИМЕН ТАНЫС БОЛЫП, ЖАН-ЖАҚТЫ ЖӘНЕ ТОЛЫҚҚАНДЫ БІЛІМ АЛУ ҮШІН АРНАЙЫ ЖАСАҚТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛЫНА ҚОСЫЛЫҢЫЗ.

Порталда білім алушының жеке бетіне кіру үшін сілтеме бойынша логин (ЖСН) және пароль (жеке куәлік нөмірі) енгізу қажет **<https://euniver.vku.edu.kz/login>** мәзірде келесі бөлімдердің бірін таңдаңыз: **«Менің курстарым»; «Үлгерім»; «Сабақ кестесі»; «Тестілеу»; «Транскрипт»; «ЖОЖ»; «Ережелер».**

Бұл бөлімдерде сіз келесілерді жасай аласыз:

- оқу процесін ұйымдастыру бойынша қадамдық нұсқаулықпен, ережелермен, академиялық күнтізбемен танысу.
- пәндер мен оқытушыларды таңдауды жүзеге асыру, жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастыру және қарау.
- сабақ кестесімен және үлгерімімен танысу.
- студенттік үйлерде тұруға, оқудан шығаруға және т. б. өтініш беру.
- анықтамалардың әртүрлі түрлерін, соның ішінде оқу орнынан, транскрипт және т.б. анықтаманы алу.

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР ТЕРМИНДЕРІН САҒАН БІЛУ КЕРЕК!!!

- 1. Кредиттік оқыту технологиясы** – даралау, білім траекториясын таңдау және кредит түрінде білім көлемін есепке алу негізінде өз бетінше білім алу және білімді шығармашылық игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім беру жүйесі. Кредиттік оқыту жүйесінің міндеті – сізде өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеттерін дамыту. Оларды іске асыру кітапхана қорлары мен деректер базасына еркін қол жетімділікпен, барлық пәндер бойынша және барлық сабақ түрлері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдардың болуымен қамтамасыз етіледі.
- 2. Академиялық күнтізбе** - оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі;
- 3. Кредиттер трансфертінің (аударудың) және жинақтаудың Еуропалық жүйесі (ECTS)** - білім беру траекториясын, оқу орнын және оқу елін ауыстыру кезінде меңгерілген оқу пәндерін (кредиттермен және бағалармен) салыстыру және қайта есептеу жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының компоненттеріне (пәндерге, курстарға, модульдерге) сынақ бірліктерін (кредиттерін) беру тәсілі;
- 4. Жеке оқу жоспары (ЖОЖ)** – эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына жеке өзі қалыптастыратын оқу жоспары;
- 5. Аралық бақылау** - бір оқу пәнінің бөлімін (модулін) аяқтағаннан кейін сіздің оқу жетістіктеріңізді бақылау;
- 6. Транскрипт (Transcript)** – әріптік және цифрлық мәндегі кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, оқудың тиісті кезеңінде сіз игерген пәндердің тізбесін қамтитын құжат;
- 7. Эдвайзер (Advisor)** – бұл сіздің білім беру траекториясын анықтаудағы тәлімгеріңіз;
- 8. Силлабус** – әр оқытушы сізді таныстыруға міндетті құжат.

«PARASAT» СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ – БҰЛ СІЗДІ ҚЫЗЫҚТЫРАТЫН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП АЛУҒА БОЛАТЫН ОРЫН!

«PARASAT» СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ КӨРСЕТЕТІН БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ТІЗІМІМЕН ТАНЫСУҒА ҮШІН [HTTPS://VKU.EDU.KZ/ABOUT-KZ/DEPARTMENTS-KZ/ACADEMIC-POLICY-KZ/PARASAT-KZ/](https://vku.edu.kz/about-kz/departments-kz/academic-policy-kz/parasat-kz/) СІЛТЕМЕГЕ ӨТІҢІЗ.

ОҚУ ОРНЫНАН АНЫҚТАМАНЫ E-UNIVER ПОРТАЛЫНДАҒЫ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ПАРАҚШАСЫНДАҒЫ «ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТТАР» БӨЛІМІ АРҚЫЛЫ НЕМЕСЕ ТІРКЕУ ОФИСІНІҢ КЕЛЕСІ МАМАНДАРЫМЕН ХАБАРЛАСУ АРҚЫЛЫ АЛУҒА БОЛАДЫ:

ІТжЖҒЖМ

Ахметқалиева Алия
Жайырбековна
8777 347 7696

ҒҒЖМ

Қуанышқызы
Аружан
8707 346 0406

ПЖМ

Роман Мейіржан
Нурхасымұлы
8747 242 4241

БжҚЖМ

Қуанышқызы
Аружан
8707 346 0406

ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫС РЕЖИМІ

«PARASAT» студенттерге қызмет көрсету орталығы – тіркеу офисі:

Мекен-жайы: 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 40

Жұмыс режимі: дүйсенбі – жұма, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

Түскі үзіліс: 13.00-ден 14.00-ге дейін

1 ОҚУ ЖЫЛЫ = 30 ОҚУ АПТАСЫ
7 АПТА – 1 МЕЖЕЛІК БАҚЫЛАУ АПТАСЫ
15 АПТА – 2 МЕЖЕЛІК БАҚЫЛАУ АПТАСЫ
16,17,18 АПТА - ЕМТИХАН СЕССИЯСЫ
ДЕМАЛЫС: ҚЫСҚЫ-1/2 АЙ
ЖАЗҒЫ – 2 АЙ
1 АКАДЕМИЯЛЫҚ САҒАТ = 50 МИНУТ
ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР - 6 АПТА.



ЕГЕР СІЗ АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ОҚИТЫН БОЛСАҢЫЗ, ОНДА ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ ТӘРТІБІН ЕСКЕРІҢІЗ:

- 1 қыркүйекке дейін төлем құнынан 25% ;**
- 1 желтоқсанға дейін төлем 50 %болуы керек;**
- 1 наурызға дейін төлем 75% болуы керек;**
- 1 мамырға дейін 100% төлем.**

ҰПАЙЛАР МЕН РЕЙТИНГТЕР

Сіздің оқу жетістіктеріңіз (білім, білік және дағды) әріптік жүйе бойынша бағаланады. Осы шкала бойынша мұғалімдер сіздің біліміңізді бағалайды!

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық балдардың эквиваленті	Балдар (%-дық мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға жүйесі
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Пән бойынша қорытынды баға автоматты түрде мынадай формула бойынша есептеледі:

$IA = ((P1 + P2) / 2) * 0,6 + \text{емт.бағасы} * 0,4$,
P1 – бірінші межелік бақылау бағасы
P2 – екінші межелік бақылау бағасы

Студенттің орташа балы (Grade Point Average-GPA) (бір оқу жылындағы оқу жетістіктерінің орташа өлшенген бағасы) – бұл сіздің келесі курсқа өту ұпайыңыз.

GPA үлгерімін есептеу әдістемесі:

$$GPA = \frac{N_1 K_1 + N_2 K_2 + \dots + N_n K_n}{K_1 + K_2 + \dots + K_n}$$

мұнда, **N1, N2, Nn** – сандық эквиваленттегі пәндердің қорытынды бағалары;

K1, K2, Kn-кредитпен оқытылатын пәндердің көлемі;

n-өткен оқу кезеңінде оқыған пәндер саны.

Білім алушыларға арналған GPA шамасы (оқыту нысандары бойынша)

ГРА ЕСЕПТЕУ ҮЛГІСІ:

Пән	Кредит саны	Әріптік баға	Сандық эквивалент
Математика	3	A	4.0
Психология	2	B	3.0
Әлеуметтану	3	F	0.0

Информатика $4.0 \times 3 = 12.0$

Әлеуметтану $3.0 \times 2 = 6.0$

Философия $0.0 \times 3 = 0.0$

Көбейтінділердің қосындысы $= 12 + 6 + 0 = 18.0$

Жалпы кредиттер саны $= 3+2+3 = 8$

ГРА = Көбейтінділердің қосындысы / жалпы кредиттер саны $= 18.0 / 8 = 2.25$

Келесі курсқа көшу үшін емтиханды тек оң бағаға тапсыру жеткіліксіз, сонымен қатар ағымдағы оқу жылы үшін университетпен бекітілген минималды ГРА балын жинау қажет.

БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН АУЫСУ ГРА ШАМАСЫ

1-курстан 2-курсқа	1,6
2-курстан 3-курсқа	1,8
3-курстан 4-курсқа	2,0

Егер сіз ауысу балының ең төменгі шамасын жинасаңыз, онда сіз келесі курсқа ауысасыз!

Егер сіз ауысу балының минималды шамасын жинамасаңыз, онда сіз қайта оқу курсында қаласыз.

Курстың бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ ауысу балының ең төменгі шамасын жинамаған студентке өзінің орташа үлгерім балын (ГРА) арттыру мақсатында жазғы семестрде жеке пәндерді ақылы негізде қайта оқып, олар бойынша емтихандарды қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ІШКІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ

Ішкі академиялық ұтқырлық – Қазақстанның басқа жоғары оқу орнында 1-2 семестр аралығында білім алу, және алынған білім беру бағдарламаларының біздің университетте кредит түрінде міндетті түрде қайта есептелуі.

Ішкі академиялық ұтқырлық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде ішкі академиялық ұтқырлықты «PARASAT» студенттерге қызмет көрсету орталығы жүзеге асырады.

АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:

1. Жаңа білім алу тәжірибесі;
2. Жан-жақты тұлғалық даму;
3. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

Бакалавриат студенттері үшін:

- 2–3 курс студенттері;
- 1 курс студенттері тек көктемгі семестрде қатыса алады.

Магистратура студенттері үшін:

- Ғылыми-педагогикалық бағыттағы 1 курс студенттері (көктемгі семестр).

Жалпы талаптар:

- GPA (орташа балл) — 2,33-тен төмен емес;
- Академиялық қарыздың болмауы;
- Академиялық тәртіп пен этикалық нормаларды бұзбауы

Байланыс телефондары:

«PARASAT» студенттерге қызмет көрсету орталығы

Телефон: 8 - 777 – 982 – 98-91

Электрондық пошта: akmobil-vkgu@mail.ru

Жұмыс уақыты: 09:00–18:00

АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ



АДИКАНОВА САЛТАНАТ

Жаратылыстану
ғылымдары және IT жоғары
мектебінің деканы



**ОРАЗАЛИН СЛЯМБЕК
ҚАЛИБЕКҰЛЫ**

Гуманитарлық ғылымдар
жоғары мектебінің деканы

ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР

Жазғы семестр қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, жеке оқу жоспарын түзету, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою үшін ұйымдастырылады. Жазғы семестрдің ұзақтығы (6 аптадан кем емес).

Келесі студенттер жазғы семестрден өтуге құқылы:

- Рейтинг нәтижелері бойынша аралық аттестаттауға жіберілмегендер;
- Өткен академиялық кезеңдер бойынша академиялық қарызы бар;
- Мемлекеттік емтихан тапсырылатын жеке пәндерді («Қазақстан тарихы» пәнін қоспағанда) қайта оқу есебінен үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында курс бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ ең төменгі ауысу балын ала алмаған;
- Қайта қабылдау, ауыстыру, академиялық демалыстан оралу кезінде академиялық айырмашылықтары болғанда

Жазғы семестрге қатысу ниеті туралы өтініш 1 маусымға дейін беріледі. Жазғы семестрге жазуды тіркеу бөлімі жүргізеді! Жазғы семестрде оқытуды қаржыландыру нысанына (ақылы, грант) қарамастан студенттің өз қаражаты есебінен ғана жүзеге асырылады.

AMANZHOLOV UNIVERSITY



**АПЫШЕВА АСЕЛЬ
АНУАРБЕКОВНА**

Бизнес және құқық жоғары
мектебінің деканы



**КУЛЕНОВА ГУЛЬНАРА
БОРИСОВНА**

Педагогика жоғары
мектебінің деканы



AMANZHOLOV
UNIVERSITY



Өскемен қ-сы, 2025